

**Резюме**

*Данная статья исследует археологические памятники и материальную культуру древних гуннов.*

**Conclusion**

*This article explores the archaeological sites and material culture of the ancient Huns.*

**БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ САБАҒЫНА ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ДАМУЫ**

**Ордашева М.Ж., Сейдахметова Г.С.**

Әлем үшін тұлғаның шығамашылық дамуы – қандай маңызды болса, қазіргі отандық педагогикада да үлкен тапсырмалардың бірі. Қазіргі әлем және ондағы адамдар барлығы бірдей емес, сондықтан тұлғалардың айырмашылығына ерекше назар аудару қажет.

Өздерінің индивидуалдық қабілеттері арқылы көптеген әйгілі және талантты адамдар қайталанбас ұлы шығармаларының арқасында аттары өшпестей болды. Бейнелеу өнері пәні мәдениеттің тұтқасы және бейнелеу өнері әрқашанда алға қарай ұмтылады. Бейнелеу өнері бұл сиқырлы таяқ іспеттес, сол арқылы оқыту процесінде түрлі әдістер қолдану арқылы ерте жасынан оқушыларды тәрбиелеп үйретеді.

Қазіргі білім беру стратегиясының негізгі мәні – оқушылардың өздерінің талантын және шығармашылық потенциалын, ойлаған жоспарын жүзеге асыруға үйрету. ҚР «Білім беру» жүйесінде бірінші жоспардың бағыты жеке адамның дамуы, пәндік білім қаралады және білімдерін пайдалану арқылы жетістікке жетуі. Бұл концепция мазмұны орта білім беруде мән берілетін негізгі бөлігі ол шығармашылық дамуда, индивидуализацияда қызығушылықтарды еске ала отырып және қабілеттіліктерін жетілдіру. Мұндағы басты принципті ол білім берудегі жаңашылдықтың мазмұны және тұлғаның қабілеті, әр оқушының қатысушылардың сүйенетін субъектік тәжірибе және ең басты қажеттіліктері. Осының арқасында ең қиын сұрақ туады, таным процесінің ұйымдастырылуында және оқушылардың шығармашылық таным және бастауыш оқушыларының шығармашылық танымы, өзін-өзі ұйымдастырудағы тұлғаның үздіксіз білім беру жолындағы өз-өзіне әсері.

Біздің негізгі қарастыратынымыз продуктивті шығармашылық дамуда бастауыш сынып оқушысының қабілетін дамыту. Бұл жағдайда тұлғаның біртұтас және шығармашылық тұрғыда оқыту процесі негізгі жүргізуші фактор

болып табылады. Көбінесе баланың даму процесі бір-бірімен байланысты үш түрде қарастырылады: біріншіден, бала өзіне мақсат қою арқылы өзіне керекті ақпарат алады. Екіншіден, бала тапсырманы жан-жақты қарастырады. Үшіншіден, бала бастаған ісін аяқтайды. Шығармашылық процесс барысында бастауыш сынып оқушыларында Уварина Н.В. келесі кезендерді негізгі деп санайды: жиналған білімін және ойын түсіндіру, тапсырманы орындау. Тапсырманы жан-жақты қарау, нұсқалардың дұрыс ұйымдастырылуы. Идеялардың, нұсқалардың, бейнелердің шынайылығы. Табылған нұсқаларды қару және таңдау [1].

Әр түрлі деңгейлерді айта отырып, көптеген ойларды салыстыруға болады. Т.М. Махмудов жеке жұмыс істеуді және деңгейге бөлуге үлкен иән берді. Ол өзіндік жұмыс істеуді деңгейлерге бөлді: төмен, орташа және жоғары [26, 134]. Лернердің ойынша: «мақсат қоймай бірінші деңгейде шығармашылықта, мектеп шығармашылықтың екінші деңгейіне дайындау қажет немесе әр түрлі масштабта және әр түрлі сферада адамды күшті етіп дайындау қажет» [3, б. 80]. Лернер жалпылама шығармашылық жайлы ой айтты: «адамды құрудағы объективті және субъективті сапасы жағынан қарау, сол арқылы сол арқылы жан-жақты жүйе және әрекет деп шығармашылық» деп айтты [14, 52]. Автор назарын процессуалды шығармашылыққа аударды: алыс және жақын мақсатын; ішкі және сыртқы жүйедегі жағдайдағы жаңа қиындықтар; дәстүрлі жағдайдағы жаңа қиындықтар; жаңа функцияның дәстүрліден айырмашылығы; қиындық шешудегі альтернативті жолы; мәселелерді шешудегі білім берудегі жаңа әдістер; жаңа түрдегі жаңа ыңғай; барлығы өнерде бір-бірімен өзара байланысты.

Лернер анық шектеу қоюға болмайды деген. Себебі түр, мінез, туындаған қиындықтардың күрделілігіне сабақ кезеңінде аса мән беріледі. Осыдан мынадай қорытындыға келу-

ге болады: шығармашылық білім беруде өте қажетті аспект, сапалы жаңа продукт, бұл тек шығармашылық жолмен келуі мүмкін, ал процедуралы аспектте шығармашылық болмайды.

Осындай білім берудегі мақсат өте қажет, өйткені субъективті жаңа жолдармен құрылып орындалады. Білім берудегі мақсат өте қажет, өйткені субъективті жаңа жолдармен құрылады. Білім беру жүйесінде қоғамдық және оқу танымында ортақ шығармашылық өте қажет. Танымдық жүйенің ішінде танымды қарастырсақ, оған кіретін: мақсат, түрткі, іс-әрекет және қорытынды. Шығармашылықтың элементі төменгі сыныптағы танымдық элементпен тікелей байланысты, өйткені өзіндік ерекшеліктерге ескере отырады. Төменгі сыныптағы танымның өзгешіліктері өте көп: біріншіден, бастауыш сыныпта ең бастысы – мектептік күн тәртібі. Екіншіден, сонымен қатар мұғаліммен, сыныптастарымен қарым-қатынасының өзгеруі. Үшіншіден, шығармашылық таным жолында өз ісіне қанағаттанбаушылық туады, себебі балада ол жаста интеллектуалдық ойлау әлі дұрыс жетілмейді.

Дұрыс түрткі ол – жағымды танымдық жолдың талабы. Оқу барысында түрткі болатын жағдайлар туады, олардың ішінде жағымды және жағымсыз түрткі. Яғни түрткі оқудың мазмұны мен жүргізілу процесіне байланысты; қосалқы түрткі (ата-ана, мұғалім, сабақты түсіну алдындағы міндеті); жағымсыз түрткі. Жағымсыз түрткі танымдық шығармашылыққа қызмет етеді. Жағымсыз түрткі (қиындыққа мойынсұнбауға талпыну, жолы болмаусыздықтан қашу, күлкі болудан қорқу) шығармашылық дамуына кедергі келтіреді. Дидактикада табыс категориясына үлкен мән беріледі (К.В. Ельницкий, О.А. Яненова, Н.Д. Хмель, А.К. Рыспаева, С. Ельцова, В.А. Караковский, А.С. Белкин және т.б.) [5].

Шығармашылық мінездің қалыптасуы табыстың жоғары болуы барлық жерде шығармашылықта, оқуда және өмірлік тәжірибеде. Оқу жүйесінде оқушының негізгі табысы ол баға. Дегенмен, оқушы танымдық бағамен өзіндік негізгі бағасын салыстырады [6,7]. Бастауыш сынып оқушысының даму кезеңінде мұғалімнің алатын орны зор.

Оқу жүйесінде қолданылуы тиіс әдістер жүйесі:

- әрбір оқушының субъект тәжірибесі, оның индивидуалдық қабілеті;

- өзіндік жұмыста оқушылардың қызығушылығын, қатысушылығын арттыру;

- даму түрі серіктестік білім беру субъектісі мен оқушының өзін-өзі ұйымдастырушылығы, продуктивті оқыту тапсырмасын шешу процесі.

Жоғарыда аталғандардың барлығы шығармашылық танымға мынадай анықтама береді: шығармашылық оқушының жоғары саптағы танымдық шығармашылық, интеллектуалды шығармашылық және тұлға потенциалы, қорытындысы субъективті жаңа өнім. Өнім – төменгі сынып оқушыларына арналған, субъективті жаңалық мағынасын береді.

Айтылғандарды қорыта келе, шығармашылық бастауыш сынып оқушылардың ерекшеліктерін бөлеміз:

- төменгі сынып оқушыларының шығармашылығы субъекті мінезді және репродуктивті таным негізінде қалыптасады;

- шығармашылық жүйеде төменгі сынып оқушылары өнім ретінде қажетті және олардың пайда болуының әдістері;

- шығармашылықтың жоғары дамуына жағымды түрткіні қалыптастыру;

- ұжымдық танымдық шығармашылық және серіктестік құру төменгі сынып оқушының шығармашылық қалыптасуында үлкен роль атқарады;

- бастауыш сынып оқушысының танымның қорытындысы субъективті жаңа өнім, даралық мазмұны және индивидуалды авторы.

- шығармашылық таным тікелей оқушыға байланысты.

- шығармашылық даму төменгі сынып оқушысының тұлғалық, даралық дамуының негізі.

Советтік көркемдік тәрбие кішкене уақыт аралығында. Советтік суретшілер тәрбие қысқа мерзімнен кейін жиырмасыншы жылдары «биогенетикалық теория және тәжірибе» педагогикалық араласпаушылық ауысты систематикалық қорына баланың шығармашылық дамуы жайлы бір жүйелілік басқару базасында реалистикалық бейнені меңгеру. Педагогтар мен әдіскерлер көптеген елде балалар шығармашылық бейнелеуін меңгереді, советтік дәуірде Е.И. Игнатъев, Л.С. Выготский, В.И. Кириенко, Г.В. Лабунский, Н.П. Сакулин, Е.А. Флериалардың жұмыстары бойынша көптеп кездеседі.

Ең әйгілі басылым бейнелеу өнері бойынша ол педагогикалық тәжірибе жинаған,

көптеген әйгілі істерге қолы жеткен. Басылым авторы Неменский Б.М. «Бейнелеу өнері және шығармашылық еңбек» атты программада педагогикалық әдіс балаларды өнерге бейімдеу, қызығушылығын арттыру, шығармашылық белсенділік, ескерткіштерге ұқыптылықпен қарау, өнерді түсіну, яғни рухани дамуы деп түсіндірген [8, 3-б.].

Уақыт өте келе, бейнелеу өнері өнерге апаратын және дамытатын ұлы жол екенін түсінді. Е.Е. Рожнев өзінің жұмыстарында балаларды тәрбиелеудегі баланың қабылдауы өнер әлеміндегі бірінші қадам деп айтып кетті. Е.Е. Рожневтің жұмыстарының негізгі мақсаты – оқу бағдарламасына бейнелеуді енгізіп тереңдету.

Бейнелеу өнерінің әсері және тәрбиесі, өзіндік сапалардың қалыптасуы, орынды дамуы туралы айтқан Б.П. Юсов. Бейнелеу өнері пән ретінде басты пән, ол әр түрлі шығармашылық жолында көптеген жұмыстар жүргізу арқылы бастауыш сынып оқушылардың қалыптасып дамуына әсер етті. Дамуға әсер етуші мыналар:

- шығармашылық тікелей танымдық процестерге байланысты;
- оқу процесінде шығармашылық дамуда жақсы әсер тудыру;
- ұжымдық танымдық шығармашылық үлкен жетістікке жетудегі маңызды әсері;
- шығармашылық кезеңмен репродуктивті эвристикалық жолдарын құрастыру;
- зерттеу арқылы оқушылар шығармашылығында ұжымдық түрде, өзіндік ойлау үлкен көмек;
- ұйымдастыру кезінде міндетті түрде мұғаліммен жұмыс істеу және пәнаралық байланыс құру.

Шығармашылық даму барысында бастауыш сынып оқушыларына мұғалім тарапынан үлкен басшылық қажет.

Зерттеу барысында басты мәселелердің шешу жолын табу. Жиналған теориялық және деректік құжаттарды әрі қарай дамытып, өрбітіп және көкейкесті сұрақтарды қарастырып жалғастырған жөн.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Уварина Н.В. Развитие творческих способностей у младших школьников: Дис. канд. пед.н. – Челябинск, 1999. – 184 с.
- 2 Махмудов М.И. Проблемное обучение. – М.: Педагогика, 1975. – 367 с.
- 3 Дьюи Дж. Школа и общество: Хрестоматия по истории зарубежной педагогики. – М., 1971. – 521 с.
- 4 Белкин А.С. Ситуация успеха. Как ее создать. – М.: Просвещение, 1991. – 76 с.
- 5 Винокурова Н. Лучшие тесты на развитие творческих способностей. – 1991. – 365 с.
- 6 Уварина Н.В. Развитие творческих способностей у младших школьников: Дис...канд. пед.н. – Челябинск, 1999.–184 с.
- 7 Андреев В.И. Диалектика воспитания и самовоспитания творческой личности: основы педагогики творчества. – Казань, 1988. – 238 с.
- 8 Изобразительное искусство и художественный труд (1–9 классы) / Рук. и ред. Б.М. Неменского.
- 9 Юсов Б.П. Изобразительное искусство в начальных классах / Под. ред. Н.Д. Микц. – Минск: «Народная асвета».
- 10 Рожкова Е.Е. Изобразительное искусство в начальных школах. Из опыта работы учителя. – М., 1991: 159 с.: илл.

## Резюме

*Данная статья рассматривает младший школьный возраст как продуктивный для развития творческой деятельности. Рассматривается структура творческой деятельности, в том числе и познавательной, куда входят цель, мотивы, действия и результат, а также совокупность методов, удовлетворяющих творческий учебный процесс.*

## Conclusion

*On the article «Development of creative activity of students in art lesson».*

*The article deals with aspects of creative activity in art lessons, in the paper the analysis of the theory of question which reveals the essence of creative activity is given.*

*The features of children creative activity and the influence of the academic activity on the development of creative activity are marked the structure of creative activity of junior classes and optimal method for the academic activity are suggested in the article.*